

мазмұнын ашуға, тез қабылдауға қажетті шарттардың бірі [2,10]. Стандарт тілдік бірліктер мен ресми құжаттағы шаблонды штамптардың орын тәртібі берілген мәтін аудармасының мағынасының анықтылығына тікелей әсер етеді. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция секілді көлемді конвенциялар баптардың бірнеше бөліктерінен тұрады және бап тармақтарына бір мағына жүктеледі. №2 кестедегідей тармақталған заңнаманың мағыналық бөлшегі ағылшын тілі мен қазақ тілінің сөйлем құрылымына байланысты ерекшеленді. Қазақ тілінің сөйлем тәртібіне байланысты мағыналық бөлшектің құрамы сөйлемнің соңында кездеседі. Бұл ақпаратты қабылдау барысында қиындықтар туғызады. Сол себепті, нәтижесінде адекватты аудармаға қол жеткізуіміз үшін қазақ тілінің сөз тәртібін сақтай отыра ағылшын тілінің ақпаратты баяндау стандартына ыңғайластырғанымыз жөн.

Бірақ кез-келген жағдайда тиісті аударманың негізгі белгілері оның дәлдігі мен толықтығы болып табылады. Толықтығы түпнұсқаның маңызды бөліктерін жіберуге тыйым салады. Аудару кезінде мәтінде жазылған ақпарат толық түрде және аударылатын тілдің заңдары мен нормаларына сәйкес берілуі тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев Қазақ тілінің стилистикасы - Алматы: “Дәуір”, 2005 ж. - 256 б.
2. А.Шонайбаева Қазіргі қазақ өкілеттілік іс қағаздары тіліндегі стандарт тілдік бірліктер - Алматы, 2010

ӘОЖ 81'342:82-1

## **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ПОЭЗИЯ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМІ**

**Наркеш Наргиза Серікбайқызы**

[nargiza.narkeshova@mail.ru](mailto:nargiza.narkeshova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б. Әбдуәліұлы

Поэзияның жылдар өткен сайын тақырыбы түрленгенімен, фонетикалық жүйесі, құрылымы жалғасын тауып, дамып келеді. Поэзиядағы дәстүрлі өлең жүйесінің бастау арнасы ретінде халықтың фольклорлық поэзиясының орны ерекше. Қазақ халқының бай фольклорлық поэзиясы тілінің дыбыстық жүйесі мен осы жүйенің айтушыға жеңіл, тыңдаушыға жағымды сипатын арттыратын фонетикалық құрылымы өз алдына арнайы зерттеулерді қажет етеді.

Өлең құрылысының басты компоненттері – буын, бунақ, ырғақ, ұйқас. Өлеңді оқығанда, оның әр тармағы бір тәртіпке салынғаны сезіледі. Ырғақ өмірде қандай маңызды болса, өлеңде де маңызы зор. Академик З. Қабдолов «өлеңнің әр сөзін ырғақты сөз деп, өлеңді оқу, тыңдау, түсіну, өлеңге тұшыну, толқу, тебірену – бәрі ырғаққа байланысты», – деп, өлеңдегі ырғақтың маңызын көрсететін анықтама береді[1, 267].

Қазақ өлең жүйесі силлабикалық болғандықтан, өлең құрылысы әуелі буынға негізделеді. Буын жайын толық түсінбей, өлең құрылысын дұрыс тануға болмайды. Әр ғасыр поэзиясында өлеңнің буын жүйесіне енген жаңашылдықтармен қатар фольклор поэзиясының жүйесі де көрініс береді. Өлең құрылымы бастан-аяқ бөлек сипатта жазылғанымен, қалыптасқан өлең заңдылықтарына сай, осы күнге дейін орныққан өлеңдермен құрылысы ұқсас келеді.

Ауыз әдебиетінде кеңінен кездесетін он бір, он екі, жеті-сегіз буынды өлең, жыр түрлері поэзияда үздіксіз қолданыста, жалғасын тапты. Фольклорлық поэзия аталған буын түрлерімен

шектеліп қалмайды. «Бабалар сөзі» жинағына топталған халық поэзиясының үлгілерінде төрт буынды, он бес буынды т.б. өлең үлгілері де кездеседі. Осы тұрғыдан қарағанда өткен тарихымыздағы фольклорлық поэзияда және қазіргі жаңа замандағы қазақ поэзиясының тілінде өзара байланыс және өзара сабақтастық бар. Бұл поэзиядағы дыбыстық жүйенің табиғатына тән өзіндік ерекшелік болып табылады.

Қазақ фольклорлық поэзиясын негізге ала отырып, фольклорлық поэзия тілінің жоғарыда аталған фонетикалық жүйесіндегі ерекшеліктерді біртұтастықта қарастыратын және бүгінгі поэзиямен сабақтастығына зер салатын боламыз.

Өлеңнің өлшемі жайында ғалым С. Негимов қазақ өлеңінде ырғақ буынға негізделіп, бунаққа жіктеліп, тармақ құрап, ары қарай жүйелі түрде қайталанып отыратындығын еңбегінде жазады[2,86]. Тармақты да, бунақты да зерттеген ғалымдар олардың буын санымен шектелетіндігін негізге алады. А. Байтұрсынұлының анықтамасы бойынша «Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы»[3,192]. Бунақта буын саны екіден төртке дейін бола алады және төрттен аспайды. Қ. Жұмалиев зерттеулерінде бунақтардың арасындағы дыбыстық кірігу, жылысу қасиеттеріне де мән берген. Фольклорлық поэзияда бұл дыбыстық құбылыстардың тармақтардағы буын санының сақталуы үшін маңызы зор болған[4, 161].

Ауыз әдебиетінде 3-4 буыннан бастап 15 буынды өлең үлгілері де кездеседі. «Он бір буынды өлең үлгісі ауыз әдебиетінен бүгінгі күнге жеткен, ал он буынды өлең құрылысы қазақтың мақал-мәтелдерінде келіп, кейін Қ. Аманжолов өлеңдерінде кездеседі», –дейді ғалым З. Қабдолов[1, 271].

І. Жансүгіровтің «Қазақы қорытынды», «Ала бие», Б. Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңдері – екі адамның диалогы түрінде құрылған. мұндай форматтағы өлең үлгілері ауыз әдебиетіндегі балалар поэзиясында, жеткіншектер фольклорында кездеседі. Бұл өлең жүйесі жайында З. Ахметов «екі адамның сөзінің алмасып келуі де өлең ырғағының нақ-нақ айтылуына себін тигізеді», - дейді [5, 196].

Кесте – 1. Фольклорлық поэзия мен ХХ ғасыр поэзиясының үзінділері.

Ауыз әдебиетіндегі балалараға арналған «Қаламақ» өлеңінде:	Б. Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңінде жеңіл 3-4 буынды өлең құрылысы сақталғандығын байқаймыз:
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоян қашқын,</li> <li>Қайда қаштың?</li> <li>- Тоғайға қаштым.</li> <li>- Неге қаштың?</li> <li>- Сенен састым.</li> <li>- Неге састың?</li> <li>- Ізімді бастың...</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Уа, кімсің?</li> <li>- Ыбыраймын.</li> <li>- Жаймысың?</li> <li>- Жаймын.</li> <li>- Қайдан келесің?</li> <li>- Соттан келемін.</li> <li>- Соттан емес-ау,</li> <li>Оттан келемін...</li> </ul>

Өлең жүйесі ұқсағанымен, мән-мағына мүлде басқа. Балаларға арналған өлең үлгісі барынша жеңіл қабылданса, Б. Майлин осы өлең құрылысына, тармақтарына үлкен шеберлікпен заманның қоғамдық мәселесін сыйдыра білген.

Фольклорлық поэзиядағы он бес буынды өлең үлгісіне «Менің атам» деген балалар фольклорында екі баланың сөздері беріледі:

1-бала:

Ұлытаудың басынан ұлар атқан менің атам, (15)

Ұлы-қызын шулатып, үйде жатқан сенің атаң.(15)

2-бала:

Кіші таудың басынан киік атқан менің атам, (15)

Кіші қызын жылатып, үйде жатқан сенің атаң. (15)

Поэзияның дыбыстық жүйесінде ұйқастың да маңызы зор. Дыбыстық тұрғыдан алып қарағанда ұйқас өлеңге үйлесім берумен қатар тармақтарды бір шумақ аясына топтастырушы тетік қызметін атқарады. Қазақ поэзиясында ұйқастың қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы, ерікті, кезекті, шалыс, егіз, аралас ұйқастар т.б. түрлері бар.

Ауыз әдебиеті мен қазіргі әдебиет өлеңдеріндегі ұйқастың сапалары сәйкес келе бермейді. Ауыз әдебиетінде есте сақтау үшін жеңіл етістіктерден ұйқасқан сөздер көп кездеседі. Өлең ұйқасы Қ. Жұмалиевтің анықтамасы бойынша бір-бірімен қиыстырылған сөздердегі бір немесе бірнеше сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туындайды [4, 339]. Ұйқас әр тармақтың соңғы бунағынан байқалады. Ұйқас үшін фонеманың маңызы бар. Фонема теориясын жан-жақты зерттеген ғалым Қ. Жұбанов фонема жайында: «Фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды. Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше болуы шарт емес», – дейді ғалым. Мысал ретінде мына өлең шумақтарын келтіреді:

Биж-быж қып бай-жуанды осы маңда,

Кенеледі-ау кедей біткен осы таңда! –

деген өлең жолдарындағы *маңда* мен *таңда* деген сөздің айырмашылығы бір ғана бөлшегінде. Екі сөздің ұйқасып тұрғаны да көптеген бөлшектерінің дыбысталуы бірдей болғандықтан деп түсіндіреді [6, 65]. Мұндай ұйқастар фольклорлық поэзияда өте көп.

Структуралистер мән айырым үшін маңызды оппозиция ұғымын қарастырды. Бұл терминді ғылыми айналымға лингвист Н.С.Трубецкой енгізді. Ол фонетика мен фонологияны ажыратып, фонетиканы тілдегі дыбыстардың физиологиялық табиғатын, ал фонология әрбір нақтылы тілдегі дыбыстардың мағына ажырату функциясын зерттейтін ғылым деп түсіндіреді [7,38]. Ғалымдар оппозиция ұғымын тілдік бірліктерді (инварианттар) және олардың варианттарын бөліп көрсету (ажырату) үшін қолданды. «Қыз Жібек» жырындағы екі жолды қарастырайық:

Сабыр қылып *тұрмады*,

Дүниеге мойын *бұрмады*.–

*тұр*-ма-ды және *бұр*-ма-ды сөздеріндегі алғашқы буындағы *т* және *б* фонемасы ғана сәйкес келмейді. Зерттеуші Қ. Жұмалиев “Қыз Жібек” жырындағы өлең жолының аяғында 3 буынды сөз бен 3 буынды сөз тіркесі ғана қолданылуына айрықша назар аударған [4, 333]. Бір ғана фонема арқылы айрықшаланатын ұйқастар тек етістікті ғана емес. Мысалы:

Астымда менің *шұбарым*,

Жаңадан таққан *тұмарым*.

Ақ бөкендей *дүрсілі*,

Тау текедей *гүрсілі*.–

бұл шумақта егіз ұйқас *шұбарым–тұмарым* мен *дүрсілі-гүрсілі* сөздерінің ұйқасуы арқылы жасалған.

11 буынды өлең өлшеміндегі ауыз әдебиетінің ерекше бір үлгісі –“Қозы Көрпеш-Баян сұлу” ғашықтық жыры. Шөже ақын нұсқасында Қодар мен Баянның тілдесуі:

Қодар: – Ақ тұзын әулиенің *кен алармын*,

Мұндағы ноғайлармен *тең болармын*.

Менсініп сөйлеспейсің, сұлу Баян,

Берсем де әке-шешем *сені алармын!*

Баян: – Қолымда жетелеген *нарым бар-ды*,

Ноғайлыға тимеймін *арым бар-ды*.

Кодеке, мазамды алмай жайыңа жүр,

Алтын айдар, шоқ белбеу *жарым барды*.

Өлең ұйқасы Қ. Жұмалиевтің анықтамасы бойынша бір-бірімен қиыстырылған сөздердегі бір немесе бірнеше сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туындайды [4, 339]. Жоғарыдағы жыр жолдарында үйлесетін сөздердің дауысты дыбыстары қайталанып, кей буындар өзгеріссіз қайталанып отырады. Мысалы: кен алармын – тең болармын – сені алармын; нарым барды – арым барды – жарым барды.

Құдайым қызды неге *жаратады*,  
Қыз қылып қолаң шашын *таратады*.  
Қыз да болсам, осы үйдің еркесі едім,  
Қандай жанның қолына *қаратады*.–

деген сыңсу өлеңде шумақтағы қара өлең ұйқасы бірінші, екінші және үшінші тармақтардағы соңғы бунақтардың ұйқасуы арқылы жасалған. *Жаратады – таратады – қаратады* деген үш сөзде бір фонемада ғана айырмашылығы бар. Фольклорлық поэзияда мұндай сөздердің көптеген ұйқастарын тізбектеп шығуға болады. Сәйкес дыбыстар көбейген сайын ұйқас шымырлана түседі.

Қорыта келгенде, ауыз әдебиетінде өлең шығаруға және жаттауға қолайлы болуы үшін жеңіл сөздердің ұйқасы көп қолданылған. Қазіргі поэзияда ұйқас құрамы біраз күрделеніп, жаңа сипатқа ие болғанымен, дәстүрлі өлең ұйқастары қолданыстан қалмаған. Өлең жүйесі – фольклорлық әдебиеттен келе жатқан дәстүр сабақтастығы. Оның құрамындағы буын, бунақ, тармақ, ұйқас жүйесі поэзияның теориялық мәселелерін зерттеуде маңызын жоймайды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983, - 362 б.
2. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980, – 136 б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989, -320 б.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969, - 244 б.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1973, -212 б.
6. Құдайбергенов Жұбанов. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013, - 448 б.
7. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1960, 95 с.

ӘОЖ 811.512.122

### ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орынбаева Айжан Кудайбергеновна

[nurai\\_008@mail.ru](mailto:nurai_008@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі – Б. Әбдуәліұлы

Кісі есімдері кез келген тілдің сөздік қорында едәуір үлкен орын алады. Кісі есімдерін зерттейтін тіл білімдегі антропоэкті салалардың бірі – антропонимика (грекше «тұлға» + «есім»), адам аттарын, олардың шығу тегін, эволюциясын, қызмет ету заңдылықтарын қарастыратын ономастиканың бөлімі. Антропонимдер – кісі аттарынан тұратын жалқы есімдердің ірі разряды. Антропоним формуласында, атау беру уәжінде, атау құрлымында